

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 01.07.95 ж. бекіткен, "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөніндегі әкімшілік ережелер туралы" нұсқаулыққа өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі 1997 жылғы 2 ақпандағы N 37. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 6 наурызда тіркелді. Тіркеу N 37. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодекcін (Салық Кодекcін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

22. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөніндегі әкімшілік ережелер туралы" Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің 1997 жылғы 7 ақпандағы N 37 V970037_ бұйрығы. -----

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 31.12.96 ж., N 60-1 Z960060_ Заңын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті жоғарыда аталған нұсқаулыққа мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізеді:

1. Осы нұсқаулықтың барлық тармақтарында, бөлімдерінде қосымшаларында "Бас салық инспекциясы" деген сөздер - "Мемлекеттік салық комитеті" деген сөздермен, "салық инспекциясының бастығы" деген сөздер "салық органының

басшысы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2 . I I б ө л і м д е :

"салықтың барлық түрлеріне қолданылады" деген сөздерден соң үтір қойылсын және "егер жарлықтың басқа бөлімдерінде өзгеше белгіленбесе" деген сөздермен толықтырылсын;

1 және 2 тармақтар алып тасталсын.

3 . I V б ө л і м д е :

1 тармақ мынадай нұсқауда берілсін:

"1. Көбінесе қолма-қол ақшалай қаржымен жұмыс істейтін немесе тауарларды, жұмыстарды (қызметтерді) өткізу жөнінде айналымы шектеулі шаруа және фермерлік қожалықтарды қоса, ондағы жұмыс істейтін қызметкерлерінің саны шектеулі жеке және заңды тұлғалар бойынша, салықтық қызмет, тиісті қаржылық органдармен келісе отырып, патенттің, бекітілген салықтар сомасының немесе салықтық базаны анықтаудың және салықтық есеп жүргізудің оңайлатылған жүйесі негізінде салықтарды төлеудің тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

Шағын кәсіпкерліктің субъектілері - заңды тұлғаларға арналған салықтық базаны анықтаудың және салықтық есеп жүргізудің оңайлатылған жүйесі туралы осы нұсқаулықтың төртінші қосымшасында келтірілген.

Қазақстан Республикасы салық қызмет органдарының кәсіпкерлік қызметімен айналысатын жеке тұлғаларға патенттер беруінің тәртібі туралы ереже осы нұсқаулықтың 5 қосымшасында келтірілген.

Заңда жер негізгі өндіріс құралы болып табылатын шаруа және фермерлік қожалықтары үшін патенттің құнына жер бонитетінің балы, маусымдылық, ауа-райының жағдайлары және өткеру базаларының қашықтығы ескеріле отырып бекітілген жиынтықты жер салығы ғана енетіндігі белгіленген.

Шаруа және фермерлік қожалықтардан алынатын, бекітілген жиынтықты жер салығын анықтаудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді";

2 тармақ мынадай сөйлеммен толықтырылсын:

"жанама тәсілдердің әдістерінің бірін қолданудың негізінде салық салынатын объектіні анықтаудың тәртібі осы нұсқаулықтың 6 қосымшасында келтірілген.";

6 т а р м а қ т а :

егер тараптардың бірі Қазақстан Республикасының резиденті емес немесе салықтық жеңілдіктерді пайдаланатын ұйым болып табылса деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын: "егер байланысқан ұйымдар арасындағы бағаларды тәуелсіз ұйымдар арасындағы бағалармен салыстыру келтірілсе, онда "байланысты ұйымдар" деген терминді бірлескен

қатыстылықпен өзара байланысқан ұйым, яғни өзара құрылтайшылық, немесе бірыңғай құрылтайшылар, сабақтас кәсіпорындар, холдингтік ұйымдардың

ішіндегі заңды тұлғалардың арасындағы қатынастар, бірлескен қызметтің мәнісі мен байланыс жоқ шаруашылық шарттарына қатысты, бірлескен қызмет туралы келісіммен өзара біріккен заңды тұлғалар, тағы с.с. деп түсіну қажет."

4. V бөлім:

3 тармақта "салықтық декларация" деген сөзден соң "есеп айырылысатын" деген сөзбен толықтырылсын.

5. VI бөлімде:

1 тармақ мынадай нұсқада баяндалсын:

"салықтық қызмет жіберетін кез келген хабарлама немесе басқа құжаттар:

- жазбаша түрде құрылған;
- басшы немесе өкілеттігі бар лауазымды тұлға олардың фамилиялары мен аты-жөнін көрсете отырып қол қойған;
- салық төлеушіге жіберілген немесе табыс етілген;
- елтаңбалы мөрмен расталған болуы тиіс."

6. X бөлімде:

1 тармақта:

4 абзацта "жылына бір мәрте тапсырылады" деген сөздерден соң мынадай мәтінмен толықтырылсын: "есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін. Егер орташа тоқсандық төлемдер бір жылда 20 айлық есеп айырысу көрсеткіштерінен асып кетсе декларация тоқсан сайын бір рет тапсырылады;"

7. XIII бөлімде:

1 тармақшаның 2 абзацында:

- "(жасырындарынан басқа)" деген сөздер алып тасталсын;
- "көрсетілген есеп-шоттар" деген сөздерден соң "он банкі күні ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;
- 7, 9 абзацтарда "(жарысындарынан басқа)" деген сөздер алып тасталсын.

8. XVI бөлімде:

үшінші абзац мынадай редакцияда берілсін:

"- төлемнің кезінде жеке тұлғалардан табыс салығын ұстайтын жеке және заңды тұлғалар банктерде және басқа, банкі операцияларының жекелеген түрлерін орындайтын ұйымдарда жалақы төлеу үшін қаражат алған кезде - осы қаржыларды алған сәтте, басқаша жағдайда төлем жүргізілген ай біткен соң бес

банкі күнінің ішінде бюджетке салықты аударуға тиіс;";
а, б, и тармақшаларында "ағымдағы", "ағымдағылар" деген сөздерден соң тиісінше "аванстық", "аванстар" деген сөздермен толықтырылсын.

9. X V I I I б ө л і м д е :

бөлімнің атауынан "колдану" деген сөз алып тасталсын;
1-тармақ мынадай нұсқада берілсін:

"1. Салық қызметі органының басшысы тиісті қаржылық органның басшысымен келісе отырып салық төлеушінің дәлелденген жазбаша мәлімдемесі негізінде салықтарды және (немесе) айыптық шараларды төлеудің мерзімін бір салық жылынан аспайтын мерзімге ұзартады.

М ы с а л ы :

Салық төлеуші жазбаша түрде табыс салығын төлеудің мерзімін 1997 ж 31 наурызынан 1997 ж. 30 қыркүйекке дейін ұзарту туралы өтініш береді. Өтініште көрсетілген себепті салықтық және тиісті қаржылық орган төлемді өтеудің мерзімін ұзарту үшін негізді деп есептейді.

Бұл орайда төлемді ұзартудың кезеңі 1998 ж. 31 наурыздан кеш

белгіленбеуі тиіс.";

2 тармақта:

"мерзімнің ұзартылуы" деген сөздерден соң "салықтарды төлеу" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"салықты және айыптық шараларды төлеуді ұзартудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

мынадай мазмұндағы 3 тармақпен толықтырылсын:

"1997 жылдың 1 шілдесіне дейінгі кезеңде берілген салық төлемінің мерзімін ұзарту бюджетке төленетін салықтың дер кезінде төленбегені үшін айыпақы есептелместен жүзеге асырылады."

4 тармақтың мысалында "облыстық салық инспекциясының" деген сөздер "облыстық, (аудандық) салық органының" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. XIX бөлім мынадай мазмұндағы 2 тармақпен толықтырылсын.

"1998 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік бюджет алдындағы берешекті жабудың мынадай кезегі белгіленген:

- 1) салықтың сомасы;
- 2) есептелген айыпақылар;
- 3) есептелген айыппұлдар."

11. XX бөлімде:

2 тармақта:

"салықтар" деген сөздерден соң "немесе ағымдағы, аванстық төлемдер"

деген сөздермен толықтырылсын.

12. XXIII бөлімде:

1 тармақта: "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен анықталған" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. XXIV бөлімде:

1 абзацта "тікелей салық қызметі" деген сөздер "тиісті бюджетке" деген сөздермен ауыстырылсын.

14. XXVI бөлім мынадай нұсқада берілсін:

"табысты төлеудің көзінен ұсталмаған табыс салығының сомасы табысты төлеген заңды және жеке тұлғалардан алынады. Төлем көзінен табыс салығын дер кезінде ұстамағаны үшін, мерзімі өткен әрбір күн үшін (төлеу күнін қоса) осы сома төленген күні Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген қайтадан қаржыландырудың 1,5 есе ставкасының мөлшерінде айыпақы есептеледі."

15. XXVII бөлімде:

1 және 2 тармақтарда:

"ағымдағылар", "ағымдағылардың", "ағымдағыларды", "ағымдағыларға" деген сөздерден соң тиісінше "және аванстар", "және аванстардың", "аванстарды", "аванстарға" деген сөздермен толықтырылсын.

16. XXVIII бөлімде:

4 абзац мынадай мазмұнмен толықтырылсын:

"Егер құжаттық тексеру кезінде салық төлеуші салықтық декларацияларды тапсырмағаны анықталса, салықтық берешек есептелген салық сомасы туралы хабарламаны хаттау арқылы есептелуге тиіс. Бұл орайда декларацияны дер кезінде тапсырмағаны үшін - төленуге тиісті, бірақ декларация бойынша төленбеген, соманың 5 проценті мөлшерінде, ағымдағы және аванстық төлемдер сомасының мөлшерін кеміткені үшін 100 процент мөлшерінде, есебін көрсетпестен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткеру жөнінде операциялар жүргізгені үшін - аталған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) құнының 100 проценті мөлшерінде және дер кезінде төленбеген салықтардың сомасы үшін айыпақылар, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген 1,5 есе қайтадан қаржыландыру ставкасы мөлшерінде ағымдағы және аванстық төлемдер талап етілуі тиіс. Бұл жағдайда жарлықтың 163 бабының 1 тармағы қолданылмайды, өйткені декларациядан қосымша аударылған салықтың сомасын салыстыру мүмкін емес деп саналады."

17. XXIX бөлімде:

бөлімнің атауында "ағымдағы" деген сөзден соң "және ағымдағылар" деген сөздермен толықтырылсын;

1 тармақ "салықтың кемітілген сомасынан" деген сөздерден соң мынадай сөйлеммен толықтырылсын:

"Егер салықтың кемітілуі декларация тапсырылған сәтте салықтың жеткілікті төленбеуіне әкеліп соқтырмаса, айыптық шаралар салық төлеушіге қолданылмайды."

2 тармақта "ағымдағы", "ағымдағылар" деген сөздерден соң тиісінше "және ағымдағы", "ағымдағылар" деген сөздермен толықтырылсын.

Мынадай мазмұндағы 4,5 тармақтармен толықтырылсын:

"4. Жыл бойында іс жүзінде аударылған табыс салығының сомасы жол бойындағы аванстық төлемдер сомасының 10 проценттен артық көлемінде асып кеткен жағдайда, салық төлеушіге - салық салынатын табыстың 2 проценті мөлшерінде, 25 проценті асып кетсе - салық салынатын табыстың 5 проценті мөлшерінде айып салынады.

5. Қосылған құн салығы бойынша есепке тұрмаған тұлғаға қосылған құн салығын ескере отырып салықтық есепшот - фактурасын жазып алғаны үшін салықтық есепшот-фактурасында көрсетілген және бюджетке аударуға тиісті, бірақ аударылмаған, қосылған құн салығы сомасының 100 проценті мөлшерінде айып салынады.

3 тармақта "есептелген салықтардың сомасы" деген сөздерден соң мынадай сөйлеммен толықтырылсын:

"Тауарларды (жұмысты, қызметті) өткеру жөніндегі есепте көрсетілмеген операциялар басқа шаруагер субъектілерге тауарларды (жұмысты, қызметті) өткеруден алынатын кірістің кемуіне ықпал еткен операциялар болып табылады."

18. N 1 және 2 үлгілерде "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық инспекциясына" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің _____ облысы _____ ауданы

бойынша салық бөліміне" деген сөздермен ауыстырылсын.

Төраға

Келісілді:

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік салық комитетінің
01.07.95ж. N 43 нұсқаулығына
N 4 Қосымша

Шағын кәсіпкерліктің субъектілері - заңды тұлғалар үшін салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесі туралы
Е Р Е Ж Е

Осы ереже шағын кәсіпкерліктің субъектілері (әрі қарай-ұйымдар) - заңды тұлғалар үшін салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесін енгізудің және қолданудың құқықтық негіздерін а й қ ы н д а й д ы .

1 б а п . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесі "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Жарлығының 138 бабының 1 тармағына с ә й к е с қ о л д а н ы л а д ы .

Салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің жүйесін таңдап алу құқығы, оңайлатылған жүйеге көшуді немесе бұрын қабылданған жүйеге қайтып оралуды қоса, ұйымдарға осы Ережедегі көзделген тәртіппен салықтық органға тапсырылған өтініштердің негізінде беріледі.

2. Салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесін осы ереженің әрекетіне жатқызылатын ұйымдардың қолдануы табыс салығын, мүлік және жер салығын төлеуін ұйымдардың есептік кезеңдегі шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша есептелетін бірыңғай салық төлеумен алмастыруды көздейді.

Салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесін қолданатын ұйымдар үшін қалған жалпы мемлекеттік салықтар мен жергілікті салықтарды және алымдарды, кедендік төлемдерді,

мемлекеттік баждарды, лицензиялық алымдарды, мемлекеттік бюджеттік емес қорларға бөлінетін аударымдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен төлеудің қолданыстағы тәртібі сақталады.

3. Салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесін қолданатын ұйымдарға бухгалтерлік есеп берудің және оңайлатылған үлгі бойынша кірістер мен шығыстарды есептеу кітабын жүргізудің, оның ішінде екі рет жазу әдісін, есепшоттардың жоспарын қолданбастан және бухгалтерлік есептеудің стандарттарында көзделген өзге талаптарды сақтамастан, бастапқы құжаттарды хаттау құқығы беріледі.

4. Салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесін қолданған ұйымдар үшін кассалық операцияларды жүргізудің және қажетті санат есептемелерін тапсырудың қолданыстағы тәртібі сақталады.

2 бап. Салықтық базаны анықтаудың және салықтық есептің оңайлатылған жүйесінің субъектілері

1. Салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесінің әрекеті ұйымдарға мынадай шарттарды орындаған кезде т а р а т ы л а д ы :

1) жұмыскерлердің (мердігерлік шарттары және азаматтық-құқықтық сипаттағы өзге шарттар бойынша жұмыс істейтіндерді қоса) саны, олар жүзеге асырған қызметтің түріне қарамастан, он бес адамға дейін болса.

Ұйымдар үшін жұмыскерлердің шектеулі саны филиалдарда және бөлімшелерде жұмыс істейтіндердің санын қамтиды.

2) егер жылдық жиынтық ұтыспұлдың жалпы мөлшері айлық есеп айырысу көрсеткішінің 10000 есе сомасынан аспаса.

2. Салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесінің әрекетіне акцизделетін өнімдерді шығарумен айналысатын ұйымдар, несиелік ұйымдар, сақтық компаниялары, инвестициялық қорлар, бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушылары, ойын-сауық бизнесінің кәсіпорындары жатқызылмайды.

3. Егер алдыңғы салық жылында осы салық төлеушінің жылдық жиынтық ұтыспұлының жалпы мөлшері айлық есеп айырысу көрсеткішінің 10000 есе сомасынан аспаса, ұйымдар осы ережеде көзделген тәртіппен салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесіне көшуге қ ұ қ ы қ т ы .

Салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесінің құқығын қолдануға өтініш берген, жаңадан құрылған

ұйым шаруашылық қызметін бастаған сәттен салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесін қолдана алады.

3 бап. Салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесіндегі ұйымдардың салық салынатын объектілері

1. Ұйымдардың бірыңғай салық салынатын объекті есепті кезеңде алынған жалпы түсімпұл болып табылады.

2. Жиынтық түсімпұл тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткеруден, есепті кезеңде өткерілген мүліктің сатылған бағасынан және өткеруден тыс табыстардан алынған түсімпұлдың сомасы ретінде есептеледі.

4 бап. Бірыңғай салықтық ставкалары

1. Бірыңғай салықтың ставкасын ұйымдардың жүзеге асыратын қызметінің түріне қарай облыстардың, республикалық дәрежедегі қалалардың өкілетті органдары арқылы жалпы түсімпұлдардың проценттік есебі бойынша белгіленеді және салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесін қолданатын, осы аймақтағы барлық шаруашылық субъектілері үшін бірдей болып табылады.

2. Бұл орайда ұйымдардың есепті кезең үшін төлеуіне жататын бірыңғай салықтың сомасы есеп айырысу жолымен анықталғаннан төмен болмауға тиіс.

5 бап. Салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесін қолданудың тәртібі

1. Ұйымдардың салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесін қолдану құқығын растайтын ресми құжат салықтық органдардың салықтық есепке қойылған орын бойынша бір салықтық жылға дейінгі мерзімге беретін патенті болып табылады.

Патенттің түрін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті белгілейді және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында бірден-бір болып табылады.

2. Осы Ереженің әрекетіне жатқызылатын ұйымдар үшін патенттің құны қызметтің түріне қарай ұйымды салықтық есепке қойған орын бойынша салықтық шешімімен бірыңғай салық ставкасын ескере отырып белгіленеді.

Патенттің құнын төлеуді ұйымдар салықтық орган белгілеген төлемдерді бөле отырып тоқсан сайын жүзеге асырады. Патенттің құнын төлеу бірыңғай

салықты төлеу жөніндегі міндеттемелердің есебіне қосылады.

3. Патентті ұйымдарға салықтық органдар салық жылы басталғанға дейін берілген жазбаша өтініштің негізінде оларды салықтық есепке қою орны бойынша, мынадай шарттарды орындаған жағдайда береді:

- егер шағын кәсіпорында істейтін қызметкерлердің жалпы саны осы Ережеге сәйкес бекітілген шектеулі санын аспаса;

- егер ұйымның алдыңғы есепті кезең үшін салықтар мен өзге міндетті төлемдерді өтеу жөнінде мезгілі өткен берешегі болмаса;

- егер ұйым алдыңғы есепті кезең үшін салықтар және бухгалтерлік есеп беру жөнінен қажетті есептемелерді дер кезінде тапсырса.

Салық төлеушілер болып табылатын филиалдар мен бөлімшелер салықтық есепке қойылған орны бойынша салықтық органға кезекті тоқсанның басталуына кемінде 15 күн қалғанға дейін патенттердің нотариалдық тұрғыдан расталған көшірмелерін тапсырады.

4. Ұйымның салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесіне көшу туралы шешімі немесе одан дәлелді бас тартуы өтініш берілген күннен бастап 15 күндік мерзімде салықтық органға ұсынылады.

5. Ұйым салықтық органнан патент алған кезде тіркелу үшін кірістер мен шығыстарды есептеу кітабын көрсетеді, онда ұйымның атауы, тұрған орны, банктер мекемелерінде ашылған есепшоттық, тағы басқа есептесу нөмірлері көрсетіледі. Салықтық орган кірістер мен шығыстарды есептеу кітабының бірінші бетінде патенттің тіркеу нөмірін және оның берілген уақытын белгілейді. Патентті берген кезде оның көшірмесі де толтырылып, ол салықтық органда сақталады.

Патенттің әрекет мерзімі біткеннен кейін салықтық орган ұйымның өтініші бойынша кірістер мен шығыстарды есептеудің жаңа кітабын тіркеп, қызметтің кезекті (жылдық) мерзіміне патент береді.

Патентке және кірістер мен шығыстарды есептеу кітабына Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің қолданыстағы межелік актілерінде белгіленген есеп беру тәртібі қолданылады.

Патент жоғалған кезде салықтық орган осы бапта көрсетілген шарттарды сақтай отырып және патент құнының 5 проценті мөлшерінде ұйымға айыпақы салып, оны қайтадан беруге тиіс.

Табыстар мен шығыстарды есептеу кітабының түрін және салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесін қолданатын ұйымдардың шаруашылық операцияларын көрсетудің тәртібін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті белгілейді.

6. Тоқсандағы шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша ұйым салық органына есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 жұлдызына дейінгі мерзімде

патенттің төленген құнын есепке ала отырып төлеуге жатқызылған бірыңғай салықтың есебін, сондай-ақ есепті кезеңде алынған жиынтық ұтыспұлды көрсете отырып кірістер мен шығыстарды есептеу кітабынан алынған көшірмені (есепті кезеңнің соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша) тапсырады.

Осы Ережеде белгіленген жұмыскерлердің шектеулі санынан асып кеткен кезде немесе осы салық төлеушінің жиынтық ұтыспұлының жалпы мөлшері айлық есеп айырысу көрсеткішінің 10000 есе сомасынан артып кетсе, онда салық төлеуші осы баптың 6 тармағына сәйкес есеп берілуге тиісті тоқсаннан бастап, Қазақстан Республикасы Президентінің "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Жарлығында белгіленген салық салу, есептеу және есеп беру жүйесіне ауысады.

7. Салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесін қолданудан бас тартуды және бұрын қабылданған салық салу, есептеу және есеп беру жүйесіне қайтадан көшуді салық жылы аяқталғанға дейінгі кемінде 15 күн бұрын мерзімде салық органына тиісті өтініш берілген жағдайда, ұйымдар кезекті салық жылының басынан бастап жүзеге асыра алады.

6 бап. Салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесін қолданатын ұйымдардың жауапкершілігі

Салықтық базаны анықтаудың және салықтық есепті жүргізудің оңайлатылған жүйесін қолданған ұйымдар салықтық заңдарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 24.04.95 ж. N 2235 заң күші бар Жарлығының ережелеріне сәйкес жауапкершілік көтереді.

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік салық комитетінің
01.07.95ж. N 43 нұсқаулығына
N 5 Қосымша

Қазақстан Республикасының салық қызметі органдарының кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларға

патенттер берудің тәртібі туралы
Е Р Е Ж Е

1. Азаматтарға кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін патенттерді салықтық органдар облыстық салық басқармасының бастығы берген шешімге (бұйрыққа) дәлме-дәл сәйкес жүзеге асырады.

Бұл орайда кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін патентті салықтық органдар жеке тұлғаның мекендеп тұратын орны бойынша тапсырған жазбаша өтініші негізінде беретінін ескеру қажет.

2. Азаматтардың патент алуы олардың бір мезгілде кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелуі болып табылады.

3. Облыстар және Алматы қаласы бойынша салық басқармалары патенттің негізінде жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметтің түрлерін анықтайды. Көшу немесе өзге ауысу қажеттігіне байланысты (жеке меншікті көлікпен жолаушыларды және жүктерді тасу, суретке түсіру кәсібі, үйлерді жөндеу және салу, тағы с.с.) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, кірістердің есебін анықтауды қиындататын қызметтің басқа да түрлеріне патенттер беруді белгілеу қажет. Азаматтар өздері тұратын ауданнан немесе қаладан тыс жерлерде өз тауарларын сатуға ықылас білдірген жағдайларда да патенттер берілуі тиіс.

Азаматтар патент алу үшін салық қызметіне төлқұжатын, 3 x 4 см. көлемінде фотосуретін, патент үшін ақы төлегені туралы квитанцияны тапсырады.

4. Патентті сатып алған жеке тұлға кәсіпкерлік қызметті тұрған жерінде де, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа қалалары мен аудандарында жүзеге асыра алады. Бұл туралы кәсіпкерлік қызметпен айналысуға берілген рұқсатта а р н а й ы к ө р с е т і л е д і .

Осыны басшылыққа ала отырып салық органдарына осы салық органдарына қарайтын елді мекендерде тұратын азаматтардың ғана емес, жоғарыда дайындалған тәртіппен берілген рұқсат бойынша осындай қызметпен айналысатын басқа азаматтардың да кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына бақылау жасау міндеті жүктеледі.

Мұндай жағдайларда тексерудің материалдары азаматтардың тұрақты мекендеген орнындағы салық органдарына хабарланады.

5. Патент үшін ақыларды алған кезде мынадай ережелерді башылыққа алу қ а ж е т :

а) ақы азаматтың кәсіпкерлік қызметпен айналысуына рұқсат етілген айлардың саны бойынша есептеліп алынады. Бұл орайда 15 күннен асқан қызмет толық күнпарақты ай бойындағы жұмыс ретінде қаралады.

б) кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығы берілген патенті бар азаматтар қызметтің осы түрінен алынған кірістен табыс салығын төлеуден және

декларация тапсырудан босатылады.

6. Салық органдары берілген патенттерді есепке алуға міндетті, ол үшін арнаулы есеп кітабін ашу қажет. Бұл кітаптарда мынадай негізгі мәліметтер: азаматтың ныспысы, аты мен әкесінің аты, оның тұрақты мекендеген орны, патент берілуінің негіздемесі, берілген уақыты және нөмірі, салық комитетіне тапсыру уақыты және басқалар көрсетілуі тиіс.

7. Патент үшін төленетін ақының сомасы кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу үшін белгіленген тәртіппен жергілікті бюджеттің кірісіне есептеледі. Осыған байланысты салық органдары Қазақстанның акционерлік халықтық сақтық банкісі бөлімшелерінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісі мекемелерінің аталған ақының сомасын дұрыс қабылдаудан және бұл сомалардың бюджетке есептелуін қамтамасыз ететін шараларды белгілеуге міндетті.

8. Патент тәркілеуге жатпайды, оны басқа тұлғаға беруге тиым салынады. Кәсіпкер патентті жоғалтып алған жағдайда, себебі дәлелді болса, салық органы оған патенттің көшірмесін береді.

Патенттің кез-келген көшірмесі (оның ішінде ксерокөшірмесі және фотокөшірмесі) кәсіпкерлікті жүзеге асыруға негіз болатын құжатқа саналмайды, сондықтан оны азаматтардан дереу қайтарып алу керек.

9. Патент бір салық жылы бойында күшінде деп есептеледі. Лицензияда жылдан кем мерзім көрсетілген жағдайда, патент осы лицензия күшінің мерзіміне беріледі.

10. Кәсіпкерлік қызметпен айналысуды тоқтатқан кезде және басқа ауданға немесе қалаға тұрақты мекендеу үшін көшкен кезде патент осы құжатты берген салық органына тапсырылуы керек.

Күнпарақтық жыл бойында кәсіпкерлік қызметпен айналысу қайта басталған кезде, сондай-ақ осындай қызметпен айналысудың түрі өзгерген кезде, патент тағы да жалпы белгіленген тәртіппен таңдап алынуы тиіс.

11. Патент үшін төленетін ақының жобалары кәсіпкерлік қызмет ретінде белгілі бір жұмысты куәлік бойынша орындайтын тұлғалардың жылдық табысының сомасы туралы облыс бойынша орташа деректердің және өндірістік кооперативтерде, басқа да қоғамдық ұйымдарда осындай қызметпен айналысатын тұлғалардың орташа жылдық жалақысының негізінде әзірленуі тиіс.

12. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалардың жылдық табысы деп қазір салық органдары анықтаған және табыс салығы салынатын кірістердің сомасы деп түсіну керек. Мұндай жағдайда жалпы табыстың есептелген сомасынан (бұйымдарды сатудың немесе қызметтер көрсетудің ұтыспұлдарынан) азаматтардың өндірістік қызмет үшін шикізаттар мен материалдарды сатып

алуға, арнаулы өндірістік жайларды жалдап алуға және ұстауға және құрал-саймандарды жұмыс барысында жөндеуге жұмсалған шығындардың сомасы шығарылып тастайды.

Өндірістік коперативтерде және қоғамдық ұйымдарда, кәсіпкерлік қызметтің белгілі бір түрі сияқты, мамандық және біліктілік бойынша жұмыс істейтін тұлғалардың жылдық табысы осы қызметкерлердің жылдық жалақысының орташа сомасы ретінде анықтайды.

Көрсетілген мәліметтердің негізінде қызметтің белгілі бір түрі бойынша орташа жылдық табыс айқындалады. Осы табыстың сомасынан жеке тұлғаларға арналған, төлем көзінен ұсталатын табыс салығының ставкасы бойынша салықтың сомасы анықталады.

Салықтың осындай әдіспен есептелген сомасы патент үшін ақы төлеудің мөлшерін көрсетуге тиіс. Мұндай ақының мөлшері толық теңгеге дейін дөңгелетіліп белгіленеді.

13. Кәсіпкерлік қызметінің кейбір түрлерінің өзгешелігін ескере отырып патент үшін төленетін ақыны есептеудің өзге тәсілі қолданылуы мүмкін.

14. Патент үшін төленетін ақы мөлшерінің жобасы жөніндегі шешімдерді құрған кезде мыналарды ескерген жөн:

- облыстың жекелеген аудандарында кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалар табысының мөлшері облыс бойынша орташа деректерден айтарлықтай алшақ болған жағдайда мұндай аудандар үшін арттырылған немесе кемітілген мөлшердегі патенттер үшін төленетін ақыны белгілеудің мүмкіндігі қаралуы тиіс ;

- қызметтің белгілі бір түрлері бойынша азаматтардың іс жүзіндегі табыстарының сомасы кейіннен өзгеруі ықтимал болғандықтан, келешекте патентке төленетін ақыны қайта қараудың мүмкіндігі алдын ала көзделуге тиіс.

15. Куәліктің негізінде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар салықтық жылдың әрбір айының 20 жұлдызынан кешікпей, Қазақстан Республикасы Президентінің "Салықтар және республикалық бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар жарлығының 29 бабында белгіленген және алдыңғы айдағы қаржылық нәтижеге қолданылатын салық ставкасының мөлшеріндегі соманы бюджетке енгізуге міндетті.

Жалпы жылдық табыс және шыққан шығындар туралы декларацияны куәлік негізінде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін салықтық тіркелу орны бойынша салық қызметінің органдарына тапсырады.

Патент үшін төленетін ақыны есептеп шығарудың үлгілік есебі

1. Облыс салық органдарының тексеру материалдары бойынша, кәсіпкерлік қызметтің осы түрімен айналысатын тұлғалардың орташа жылдық табысы 90000 т е н г е

2. Өндірістік кооперативтерде және шағын кәсіпорындарда осындай қызметпен айналысатын тұлғалардың орташа жылдық жалақысы - 84000 т е н г е

3. 1 және 2 тармақтарда келтірілген деректерге байланысты орташа жылдық т а б ы с - 87000 т е н г е

4. Жеке тұлғаларға салық салу үшін белгіленген ставкалар, төлем көзінен ұсталатын табыс салықтары бойынша, 3 тармақта белгіленген, жылына кірістен алынатын табыс салығының сомасы - 13920 теңге

5. Жылына патент үшін төленуі мүмкін ақының мөлшері - 14000 т е н г е

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік салық комитетінің
01.07.95ж. N 43 нұсқаулығына
N 6 Қосымша

Жанама тәсілдердің бірін қолданудың негізінде
салық салу объектісін анықтаудың тәртібі

Заңды тұлғалардың бухгалтерлік есепті ұйымдастыруы, есеп беруді дайындауы және табыс салығын төлеуі жалпы белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Бухгалтерлік есепті жүргізудің тәртібі бұзылған есеп құжаттары жойылған немесе жоғалған жағдайда, сондай-ақ салық салу объектісін (активтерді, айналымды, өндіріс шығындарын және т.б.) анықтау мүмкін болмаған кезде салық қызметкерлерінің органдары салық салу объектісін салықтың тікелей және жанама тәсілдерінің негізінде анықтайды.

Өндірістік кооперативтерде және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде бухгалтерлік есепті жүргізудің тәртібі бұзылған, есеп құжаттары жойылған немесе жоғалған фактілері, анықталған кезде, сондай-ақ салық алу объектісін

анықтау мүмкін болмаған жағдайда табыс салығын есептеп шығарудың жанама тәсілін қолдануға болады. Бұл орайда, сондай-ақ осы ұйымдарда өнімдердің (жұмыстардың және қызметтердің), тауарлардың өткерілу айналымы шамалы екендігін, мұның өзі аталған тәсілді пайдалануды қиындатпайтынын ескерген ж ө н .

Жанама тәсілдердің бір әдісін қолдану негізінде салық салу объектісін анықтау тәртібін қарап көрелік;

Салық салынатын объектіні анықтаған кезде салық комитетіне тапсырған қаржылық есептеме, банкінің есеп айырысу валюталық және өзге есептер бойынша көшірмелері Қазақстан Республикасы Ұлттық санақ агенттігінің және талдама жөніндегі мемлекеттік комитеттің тауарлар мен қызметтерге арналған бағалары индекстері есептерінің жиынтықталған кестесі пайдаланылады, сондай-ақ қарсы тексеру барысында байқалған бухгалтерлік құжаттарды (өзара шарттарды, келісімдерді, т.с.с.) пайдалануға болады.

Мәселен, 1996 жылдың екінші жартысы үшін барлық көшірмесінің деректері бойынша "Айдос" шағын кәсіпорнының есепшотына 40187,8 мың теңге сомасында ақшалай қаржы түскен, оның ішінде 753,8 мың теңге қолма-қол ақшамен тапсырылған, қалған сома ликер-арақ өнімдері үшін сатып алушылардан түскен.

Жанама тәсілдердің есебі:

қолда бар құжаттарды басшылыққа алып, сатылған өнімнің әрбір жеке түрінен түскен кірісті анықтайсыз:

- сыраны сатудан түскен кіріс:

"Айдос" ШК банкідегі сыраны 0,04 ДМ немесе 1,9 теңгелік (бағам бойынша 1 Дм = 47,44 теңге, өнім жеткізу шартының N 15, 28.11.96 ж.) бағамен сатып алды. Сыра 15 теңгелік бағамен жалпы сомасы 3500000 теңге үшін "Азимут" ЖШС фирмасына (тауардың жіберілгені туралы накладнойлар бар) өткізілді. Қосылған баға 13,1 (15-1,9) теңгені құрайды. Әрі қарай өткерілген сыраның көлемін анықтаймыз, 233333 банкі (3500000:15). Сөйтіп, өнімді өткеруден түскен кіріс 3056662 теңге (233333x13,1) болды.

- спиртті өткеруден түскен кіріс:

шағын кәсіпорын спиртті 1 литр үшін 0,15 ДМ немесе 7 теңгелік (тауардың жіберілгені туралы накладнойлар бар) бағамен өткізді. Өткерудің орташа бағасы 58,7 теңгені (53,38+64,05):2 құрайды. Демек қосымша баға 51,7 теңге (58,7-7) болған. "Содружество ЖШС банкінің көшірмесі бойынша шағын кәсіпорынға (27.07.96 ж.) спирт үшін 100000 теңге аударылған. Осыған қарап өткерілген спирттің 17036 литр (100000:58,7) көлемін анықтаймыз. Осылайша спиртті сатудан түскен табыс 880761 теңгені (17036x51,7) құрайды.

- шампанды өткеруден түскен кіріс:

шағын кәсіпорын 0,13 ДМ немесе 6 теңге бағамен шампан сатып алған. Ол 68,05 теңге 59,2, 45, 43, 46 және 52 теңге бағамен сатылған. Өткерудің орташа бағасы 52,2 теңгені құрайды $(68,05+59,2+45+43+46+52):6$. Демек, қосымша баға 46,2 теңге $(52,2 - 6)$ болған.

Банкі көшірмесінің деректері бойынша "Азимут" ЖШС фирмасы шағын кәсіпорынға шампан үшін жалпы сомасы 4214100 теңге (23.10.96 ж. 100000 теңге, 20.11.96 ж. - 2864100 теңге, 20.12.96 ж. - 350000 теңге) аударған. Осыдан келіп 80730 шишадан тұратын, сатылған шампанның саны анықталады және өткеруден түскен кіріс 3729726 теңге $(80730 \times 46,2)$ болады.

- сары майды өткеруден түскен кіріс:

шағын кәсіпорын сары майды наурыз айында 1 килограммы 3 дол. бағамен сатып алған (өзара-шарттың N 41/1, 23.02.96 ж. сатып алу сәтіндегі бағамы - 65,3 теңге). Демек, 1 кг сары майды сатып алу бағасы 195,9 теңгені құрайды $(3 \text{ дол} \times 65,3)$. Банк көшірмесінің деректері бойынша шілде айында шағын кәсіпорынның есеп-шотына сары майдың өткерілгені үшін 18181570 теңге ақшалай қаржы түскен. Сатып алу бағасын білгендіктен өткерілген сары майдың көлемін анықтауға болады $(18181570:195,9)$. Санақ және талдама жөніндегі мемлекеттік комитеттің 1996 жылғы тауарлар мен қызметтер бағалары индекстері есептемесінің деректеріне сәйкес шілде айында сары майды өткерудің орташа бағасы 228 теңге болған. Осы сомадан алғанда, қосымша баға 32,1 теңгені құрайды $(228-195,9)$, сөйтіп, сары майды сатуды түскен кіріс 3163294 теңге $(98545 \times 32,1)$ болады.

Барлық өнімді өткеруден түскен кіріс 10830443 теңге сомасында анықталды, оның ішінде сыра - 3056662 теңге, спирт - 880761 теңге, шампан - 3729726 теңге, с а р ы м а й - 3 1 6 3 2 9 4 т е ң г е .

Банкі көшірмесінің деректері бойынша өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құнына Өндіріс және өнімді өткеру жөніндегі шығындардың құрамы туралы ережеге сәйкес 2065603 теңгелік жалпы соманың шығыстары енгізілген, оның ішінде шілдеде - 591596 теңге, тамызда - 308891 теңге қыркүйекте 124776 теңге, қазанда - 211141 теңге, қарашада - 287318 теңге, желтоқсанда - 541882 т е ң г е .

Шағын кәсіпорынның шығыстары мен кірістерін тауып алған соң салық салынатын кірісті анықтаймыз (кіріс ҚҚС - шығындап), ол 6959766 теңгені $(10830443-1805074-2065603)$ құрайды. Осыдан келіп заңгер тұлғадан алынатын табыс салығы 2087929 теңге $(6959766 \times 30\%)$ болады.

Жарлықтың 163 бабының 1 тармағына сәйкес салықты кемітіп көрсеткені үшін салық төлеушіге 2087929

теңгені құрайтын салықтың азайтылған сомасының 100%-і мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л ы н а д ы .

Жарлықтың 161 бабының 1 тармағына сәйкес салықтың дер кезінде төленбеген сомасы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен қайта қаржыландырудың 1,5 есе ставкасы көлеміндегі 136401 теңгені құрайтын қайтадан қаржыландыру ставкасының 1,5 есесі мөлшеріндегі айыпақы бюджеттің пайдасына есептеледі.

Тексерудің нәтижелері бойынша айыптық шаралармен бірге 43112259 теңгелік (2087929+2087929+136401) табыс салығы қосымша есептеледі.